



# Мұнайлы Өлке

Газет  
2009 жылдың  
01 мамырынан  
шығады

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№05 (46), мамыр-маусым, 2013 жыл



*«Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді».*

Нұрсұлтан Назарбаев

*«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.*

*Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның асырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік әнұран мемлекеттік рәміздер болып табылады.*

### Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

Елтаңба – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Елтаңба («герб») термині немістің «erbe» (мұра) деген сөзінен шыққан.

Егеменді Қазақстанның Елтаңбасы 1992 жылы ресми түрде қабылданды. Оның авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы дөңгелек нысанда. Бұл – Ұлы дала копендәлері айрықша қастер тұтқан өмір мен мәңгіліктің символы.

Мемлекеттік елтаңбаның орталық геральдикалық элементі – көгілдір түс аясындағы шаңырақ (күіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шанышылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес.

### Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы

Ту – мемлекеттің егемендік пен біртұтастықты білдіретін басты рәміздерінің бірі. «Flag» термині «vlag» деген нидерланд сөзінен шыққан және белгіленген көлем мен түстегі, әдетте елтаңба немесе эмблема түрінде бейнеленген, дінгеке немесе бауға бекітілген мата ұйымын білдіреді. Ту ежелден елдің халқын біріктіру және оны белгілі бір мемлекеттік құрылымға сәйкестендіру міндетін атқарып келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік туы ресми түрде 1992 жылы қабылданды. Оның авторы – белгілі суретші Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында тік жолақ түрінде ұлттық өрнек нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:2

### Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны

Бұрын «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған Қазақстанның әнұраны Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде бекітілді. Бірінші рет ол 2006 жылы 11 қаңтарда Мемлекет басшысының салтанатты ұтықтау рәсімінде орыдалды.

Музыкасы – композитор Шәмші Қалдаяқовтікі, сөзі – Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтікі.

Әнұран – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Гректің «gimno» сөзінен шыққан «гимн» термині «салтанатты ән» деген мағынаны білдіреді. Әнұран ел азаматтарын тиімді әлеуметтік-саяси тұрғыдан топтастырып, этномәдени тұрғыдан теңдестіру үшін негізгі мәнге ие, маңызды дыбыстық рәміз саналады.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихында еліміздің мемлекеттік әнұраны екі рет – 1992 және 2006 жылдары бекітілді.

## 5 маусым – Бүкіләлемдік Қоршаған Орта күні!



1972 жылы Швецияның Стокгольм қаласында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған Ортаны Қорғау конференциясында қабылданған шешімімен, 5 маусым күні Бүкіләлемдік Қоршаған Орта күні болып қабылданды. Атаулы мереке барлық адамзатқа, барлық Қазақстан азаматтарына ең жақын мереке, өйткені біз табиғатта өмір сүреміз!

Қазіргі таңда жер бетіндегі адамзат пен болашақ ұрпақтар үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғауға бағытталған әлеуметтік жауапкершілік принциптері отандық кәсіпорындар арасында барынша кең таралып отыр. Бұл жағдай, әсіресе көмірөтук шикізатын өндіру және өңдеу аясында еңбек атқаратын компания – біз үшін ерекше өзекті болып табылады.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қазақстан Республикасының өзге де алдыңғы қатарлы өнеркәсіптерімен қатар бизнесін жүзеге асыра отырып, әлеуметтік міндеттемелерді ескеріп және оларды жүйелі түрде іске асыруға бағытталған позициясын ұстануда. Осы мақсатпен Компания қомақты инвестиция көлемін табиғат қорғауға, ресурсты үнемдеудің заманауи технологияларын құру және оларды өндіріске енгізуге, сонымен қатар экологиялық өндірісті және ресурстарды барынша үнемдеуді қамтамасыз етуді қажет етілуіне сәйкес өндірістік процестерді оңтайландыруға бағыттайды.

Осы бағытта атқарылатын іс-жоспарлар анықталып, табиғатты қорғау, сауықтыру мақсатында шаралар мен қаулылар қабылдануда, әлі де шешуін таппаған мәселелер баршылық. Біздің Қоғам табиғатты қорғауға бағытталған іс-әрекеттерін міндеттеу үшін «Қоршаған ортаны қорғау жүйесі» және «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат» құжаттамаларын бекітіп, өз күшіне енгізді.

Бәріңізді табиғатты аялауға, осы таңдағы және келешек ұрпақтың тіршілік ету аясы болып табылатын жерімізді, ауамызды, суымызды, өсімдік пен жануарлар әлемін сақтауға және жақсартуға шақырамыз!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқармасы



# ЕРЛІК ЕЛГЕ – МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН! ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ АРДАГЕРЛЕРГЕ 150 000 ТЕНГЕДЕН ҮЛЕСТІРДІ

8 мамыр Жеңіс күні қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен қызметкерлері ҰОС ардагерлерін, тыл ардагерлерін, ауғандықтар мен чернобильдық ардагерлерге құрмет көрсетті. Дәстүр бойынша, Жеңіс күніне арналған шара «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қоюмен басталды, қан майданнан қайтпаған қазақстандық жауынгерлер рухына тағзым етіліп, бір минуттық үнсіздік жарияланды. Бұл рәсімге қаһармандарымыз, арамыздағы ардақты ардагерлер де қатысты.



Одан әрі ақсақалдарды қала мейрамханаларының бірінде мерекелік түскі ас күтті. Ұлы Отан Соғысы мен тыл ардагерлерін Жеңіс күнімен құттықтаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Махамбет Досмұхамбетов майдангерлердің ерен ерлігі еш ұмытылмайтындығын атап өтті: «Көктемнің әсем күнінде біз, батырлармыздың ерен ерлігімен келген тәуелсіздігіміз бен тыныштығымызға қуанамыз. Сондықтан ұрпақтарымыздан соғыстың беті әрі болсын, Барлық әлемде тек тыныштық орасын!» Біздің Компаниямыздың қызметкерлері мен балалары, немерелері



есебінде тұрған 81 ҰОС және тыл ардагеріне 150 000 теңгеден материалдық көмек көрсетілді. Ал, ардагерлер өз кезегінде жылы қабылдау көрсетіп, тұрақты елге, қамқорлап отыратын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен ұжымына алғыстарын білдірді: «9 мамыр – Ұлы күн. Бұл күн, Бұл күн – бейбітшіліктің күнін білетін, Отаның абыройы мен еркіндігін жоғары қоятын әрбір азаматтың күні. Бұл күн, бұл күн – Қазақ КСР-на еңбегі сіңген геолог-барлаушы, КСРО жер қойнауын барлау үздігі Қамқа Үмбеталина: «Бұл біздің – майданда соғысқандар мен тылда тер төгіп, еңбек еткендердің ортақ жеңісі. Сіздерге, құрметті достар, мықты денсаулық пен ашық аспан тілеймін!» ҰОС қатысушылар мен жер қойнауын барлау үздігі, Тенге мен Солтүстік Бозашы кенорындырын ашушы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Виктор Нечаев «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымына алғысын білдірді: «Тек Жеңіс күнінде ғана емес, Компанияның біздей ардагерлерді жалпы ұмытпай елеп отыратыны көңіл қуантады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на талай асуларды бағндырып, дамып өркендей беруді тілектеспін. Ал, серіктестерім, ҰОС мен тыл ардагерлеріне мықты денсаулық тілеймін!»

## АРДАГЕРЛЕРГЕ МЫҢ ТАҒЗЫМ!

Бүгін 68 жыл бұрын ел үшін қан майданда ерлік танытып шайқасқан бозбала бүгінде самаларын қырау шалған қариялар. Оларға көрсетілер тағзым, тағдым қашанда үлгі. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері көп жылдар мұнай саласында еңбек етіп, өзіндік қолтаңбасын қалдырған ҰОС ардагері, қазір сексеннің сегізінсіні асқан Қамқа Үмбеталинаны құттықтады. Қамқа әжейді жеңіс мерекесімен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Сунь Синьюн мырзаның өзі арнайы келіп құттықтап, 3D форматтағы теледидарды сыйға тартты. Сонымен қоса, қарияға Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісінің құттықтауын жеткізді. Өз тарапынан алғысын білдірген Қамқа әжейді үнемі назардан тыс қалдырмай елеп отыратын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ одан әрі дамып, өркендей беруді ақ батасын берді.




Бүгінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ есебінде шамамен 88 ҰОС және тыл ардагері бар. Олардың әрқайсысына мереке қарсаңында 150 мың теңге материалдық көмек көрсетілді. Жалпы мұнайлы өлкенің әлеуметтік дамуына қолдау көрсетіп келген Компания қызметкерлері жақсы істің жыл сайын жалғасын таба беретініне сендірі.

# БАЛА – КӨҢІЛДІН ГҮЛІ, КӨЗДІН НҰРЫ!

Балалық шақ – бұл ең бақытты және алаңсыз кезең, айналадағылардың бәрі үлкен және жарқын, ал адамдар – мейірімді. Әлемде қуанышты, бақытты бала күлкісінен көретеміз не бар. Балаларды қорғау күнін жазғы демалыстың басында мерекелеу – тамаша дәстүр. Жақ ұрпақтар үшін бұл әсерлі және жарқын мереке. Бұл мейрам 1950 жылдан бері келе жатқан ең қонақ халықаралық мейрамдардың бірі болып саналады. Аталмыш мерекені атап оту туралы шешім 1949 жылдың қараша айында Әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясында қабылданды. Оны БҰҰ Бірауыздан қолдап, балалардың құқығы мен денсаулығын қорғауды қамқорлығына алды. Осыған орай Қазақстан Республикасы 1 маусым – балаларды қорғау күнін жыл сайын атап өтуде.



Біздің облысымыз да осы Халықаралық маңыздылығы бар іс-шарадан тыс қалмай мамыр айының 30 күні Маңғыстау облыстық балалар үйінің 20 жылдық мерейтойын атап өтті. «Нұр Плаза» қонақ үйінің мейрамханасында өткізілген мерейтойға облыс, қала, өкімішілік, көптеген компаниялардың уәкілдері қатысты. Мереке салтанатына орай бекендірілген үлкен зал іші балалар мен жасөспірімдердің қуанышты жүздеріне толып, көктемнің жайма шауқ күніндей жарқырады да кетті. Жырма жыл ішінде талай шәкірттеріне ата-ананың қамқорлығын беріп келе жатқан облыстық балалар үйінің тәрбиешілері балаларына айтулы мереке ұйымдастырып, ақ дастархан жайлады. Бұлтырдан бастап облыстық балалар үйі Жаңаөзен қаласының көпші, Ақтау қаласындағы жаңа қонысқа ие болды. Дәстүрге сай «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ да жыл сайын Халықаралық балаларды қорғау күніне арналғанды қайырымдылық іс-шараларын жастағарды. Баланың өскен бесігі – кең дүниенің есігі» - деп қазақ атамыз бекер айтпаған ғой, 20 жылда көптеген шәкірттері өсіріп, тәрбилеген Маңғыстау облыстық балалар үйінде өсіп келе жатқан бесіктері одан әрі көркейіп, қамқорлық көмектері толастамасын деген ниетпен Компаниямыздың Басқармасы атынан, арнайы 1 000 000 теңге көлемінде жәрдемақы сертификатын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әлеуметтік мәселелері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары Бибігүл Әбдіхалықова табыстады.



Балаларды қорғау күні қарсаңындағы мерекелік іс-шаралар 31 мамыр күні жалғасын тапты. Отыз бес бала тәнертеннен бері мерекелеу қызу дайындалған. Өйткені, бұл күні, жыл сайын «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінің ұжымы Маңғыстау облысының мамандандырылған балалар үйінің бүлдіршіндеріне сый тарту етеді. Сол игі істің жалғасы үзілмек емес. Біздің Компаниямыз қамқоніл жандардың көңілін аулап, желдеткіш сплит система мен тәтті сыйлықтарды сыйға тартты. Әрине, қандай сыйлық болса да ата-ананың орын баса

## ВСЕМ МИРОМ НА БЛАГО!

В Акционерном обществе «Казакский научно-исследовательский институт нефти и газа» 30 и 31 мая 2013 года была организована благотворительная ярмарка-продажа изделий, сделанных руками сотрудников и их детей. Все участники были приятно удивлены изобилием вещей, и главное умением наших сотрудников, которые на высоте не только на рабочих местах, но и в своих хобби. Красивые украшения, детские игрушки, вязание, шитье – это все мы. Украшения с фантазией (ожерелья, брошки) – эксклюзив, представила на ярмарку Директор департамента по общим вопросам Джакупова Жанна Кумарбековна. Необыкновенной красоты вязание (салфетки) представила начальник планового отдела Адрова Ольга. Специалист департамента геологии Абатова Жанар инспекла району, который несколько не уступает профессиональному пекарю – «Сделано с любовью». Специалист лаборатории Шингисова Эльвира вместе со своими детьми сделали очень много детских мягких игрушек, которые с удовольствием все раскупили. Ежегодно мы оказываем благотворительную помощь Дому малютки и Дому престарелых. Ярмарка была приурочена к Празднованию Дня защиты детей - 1 июня. На вырученные деньги будут приобретены памперсы для дома малютки.

Белунина Любовь Григорьевна, администратор АО «КазНИПИМұнайгаз»



# Аяласаң, табиғатты аяла!

Бүкіләлемдік қоршаған орта күні – бұл экологтардың, биологтардың және басқа да табиғат қорғау саласында қызмет ететін маман иелерінің кәсіби мейрамдары емес, бұл қоршаған орта проблемаларын ойлауға түрткі болатын күн. Сондай-ақ бұл күні жер шарының, қала берді өңірдің әрбір тұрғыны қоршаған ортаны қорғау проблемаларын және оларды шешу жолдарын ойлап, қолынан келгенше өз үлестерін коюу керек. Ауласын тазарту, қоқыстарды жинап, арнайы ыдысқа тастау, ағаш түтіндерін ақтау, үй маңындағы өсімдікке су құю және болашақ ұрпаққа бізден кейін не қалатыны жайлы ойлау қажет.

Осы орайда, біздің Қоғам табиғатты қорғауға бағытталған іс-әрекеттерін міндеттеу үшін «Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі» және «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат» құжаттамаларын бекітіп, өз күшіне енгізді. Кен орындардағы өндірістік нысандарда жиі кездесетін талап бұзушылық қалдықтарды орналастыру кезінде орын алады. Бұл оқылықтардың алдын алуға жасалып жатқан іс-шаралармен қатар, қорықпалы мағлұмат ретінде келесідегідей нұсқаулық әдістемені ұсынамыз!

### Қалдықтарды орналастыру тәртібі!

Біздің аумағымызда қалдықтарды қайта өңдеп, оларды екінші реттік шикізаттар ретінде пайдаланатын ұйымдар аз болуына байланысты қалдықтармен жұмыс істеудегі мәселелердің маңыздылығын атап кету керек. Сол себепті бізге бірлесіп отырып, Қоғам басшыларының қолдауымен нақты нәтижелерге қол жеткізуіміз қажет. Атықталатын жұмыстар өте көп, еңбек етуші әр қызметкердің табиғатты аялай білуіне деген жауапкершілігі қалыптасуы қажет, мысалы, асханадан алынған бөтелкедегі су немесе қорпаптағы айранды алған соң, одан босаған ыдыстарын қандай қоқыс жәшігіне салу туралы ойлау керек!!! Яғни, тазалық және тәртіп өзіміз еңбек етіп отырған мекемеміздің келбеті.

«Мангыстаумұнайгаз» АҚ қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік қызметі ҚР Экологиялық кодекстің негізге алып, өндірістігі үрдістердің экологиялық талаптарға сай іске асырылуын қамтамасыз етуде өндіріс жұмысшыларымен етене араласып, Қоғамның мүдделері мен басты міндеттерін айқындауға және оларды жүзеге асыруға талаптануда. Алғашында 1994



жылы «Мангышлакнефть» ӨБ-ң қоршаған ортаны қорғау бөлімі болып құрылған құрылымды Бегеев Мағаш Оржанович басқарды. Бұл бөлім кейінгі жылдары қоршаған ортаны қорғау заңнамалар талаптарының күшейтілуіне байланысты 1998 жылы қоршаған ортаны қорғау қызметі болып қайта құрылды. Қазіргі кезде еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің қоршаған ортаны қорғау қызметі Екпбаева Жаннат Егізбаевнаның басшылығымен еңбек етіп келеді.

Қоршаған ортаны қорғау қызметі өндірістік нысандардың қызмет етуі нәтижесінде шығарылатын зиянды заттардың (эмиссия) шығару мөлшерін анықтап, оларға ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігінен рұқсат алады. Бұл рұқсатсыз Қоғамның жұмыс істеуіне мүмкіншілік жоқ.

Әлбетте, экологтар қоршаған ортаға бөлінетін эмиссиялардың рұқсатында көрсетілген талаптардың орындалуын бақылауы қажет. Эмиссиялар өндірістік нысандардан шығарылатын болғандықтан, экологтардың жұмысы өндіріс қызметімен тығыз байланысты. Осы орайда, экологиялық заңнамалар талаптарының бұзылуы нәтижесінде, әдетте, өндіріс қызметкерлері жауапқа тартылып, тәртіптік жазаға тартылады. Сондықтан да, мұнай мен газдың көрсеткіштеріне негізделген Қоғам жұмысының көлемесінде қорықпалы қалатын экологтардың қызметі еркін.

**Қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің Қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік қызметі.**



# СИСЕМ АТА ҚОРЫМЫНА ЗИЯРАТ

Өз халқының тарихының өнегелі жақтарын білу, өз елінің кешегі мен бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, оларға сай болу патриотизмнің басты құрамдас бөлігі.

Қазақстан егеменді мемлекет ретінде қарқынды дамуы тәрбие процесін жөнге келтіру мен оның бағыттарын айқындауды қажеттілігін нақты түрде ұғынуға әкелді. «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша басым бағыттар қатарына азаматтылықты, еңбек сүйіштілікті, адамгершілікті, адам құқықтарымен бостандықтарына құрметпен қарауды, Отанға, отбасына, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті т.б. қалыптастыруға бағытталғаны белгілі.

мекенінен 30 км., солтүстік бағытта, Батыс Үстірт шыңдары аймағындағы қыстау-құдықтар мен ежелгі керуен жолдары бойында орналасқан. 1982 жылдан бери республикалық дәрежеде мемлекет қамқорлығына алынған.

Сисем-ата қорымы – батырлар пантеоны: мұнда ардақты азаматтар, халық қаһармандары: Қонай батыр Қеңжеулы, Есенұлы Сейіт би, Ырысәліұлы Жанұзақ батыр, Төлеп батыр Өнетұлы, Жары Сүйіншіұлы бай-батыр Үрсейітұлы, Төлепұлы Маңбытұлы би-болыс, Байбоз Бөккәраұлы, ру басылары Жаңбырұлы Өтеулі, Жаманқара, Матай, Өтегүл Зорбайұлы, Адайлың 3 назарың бірі Ескелді Саназар Құдайыназарұлы, бай-сақ болған Бегей Дәуілдір Қоқыбақұлы, Сенгір Дәуілдірұлы, Жарылған Сенгірұлы, Назар Жарұлының, атақты 4 баласы



Осы бағдарлама негізінде патриоттық тәрбие мен қоғамдық саяси сауаттылықты қалыптастыруға, қоғамдық өмір нормаларын қастерлеуге, біздің халқымыздың тарихи өткені мен мәдени мұрасына құрмет көрсету рухында тәрбиелеу мақсатында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ басшыларының қолдауымен «Өлкетану саясаты» бағдарламасы (18.01.2013 ж.) жасақталыны және Қоғам басшылары қолдап, бекітті.

Мамыр айының мерекелерінің айғын ала, яғни 11 мамыр күні «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығының орынбасары К. Досаевтың басшылығымен 40 адам болып 2 автобуспен Сисем ата қорымы бағытына жол тарттық. Ақтаудан ертеңгілік таң ата жолға шығып Жетібай, Шетте, Жармыш ауылдарының үстімен жүріп отырып, күн шыға Манаға асуына келіп жеттік. Ол жерге аялдап, аруақтарға дұға оқып, жолымызды әрі жалғадық.

Ішпінде мұнайшылардан басқа Абдолла молда да болатын. Ескіше сұяты бар, жөн білетін әңгімесін дұрыс айта білетін азамат екен.

Мангыстау өлкесінің әрбір бекері, тұрғы мен тасы қияметті аныға толы, әр ескерткіші газшылар қойылуынан сыр шертеді. Жол бойы әркім өзі білген қызықты әңгімелері мен аңыз-ешкірлерін т.б. айтып отырды. Сисем-ата қорымына түсе мезгілінде жеттік. Енді осы қорым жайында әңгімелейік.

Сисем-ата қорымы - Мангыстаудағы ең ірі және ежелгі қорымдардың бірі. Сай-Өтес елді

(Шотан батыр, Тастемір бай, Майлан, Құдайберген), Қаржау Толекұлы, Қожаназар бай, Жаңайұлы, Өнет би Текеулі т.б. мәңгілік қоныс тепкен. Жәлігерлердің барлығы 300 жылдық бер жағындағы, оғыз заманынан келе жатқан дүниелер.

Абдолла молданы Қорым басын түгел аралап, дұғаларымызды оқып, тау етіп, зияраттадық. Ата-бабаларға садақа беріп, тілек тіледік. Сол қорым шырақшысы – Есен Жемейі Нұрберген деген асқалал бізбен бірге болып көп нәрселерді көрсетіп, түсіндіріп жүрді. Абдолла молдамыз әр тастағы ескі жазуларды мүдірмей оқып, айтып отырды. Айтса айтқандай, Сисем ата қорымы шын мәніндегі еліміздің, Мангыстау халқының ең асылы, марқасалары жатқан үлкен қорым екен.

Барушылардың бәрі риза болып, көп нәрсеге «көздерін ашқандай» марқайып қайтты.

Басшыларға, әсіресе, осы шараларды ұйымдастырған «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ның әжыпшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бастығының орынбасары Досаев Құдайберген мұнайшылар шын пейілмен ризашылығын білдіріп, алғыстарын жаулартауда. Осы шара ары жалғасын табады деп ұйғиртенип, көп сұран, ұсыныстарын білдірді.

**Көкшеев Берлігали, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-нің әлеуметтік мәселелері жөніндегі жетекші маманы**

**МангыстауМұнайГаз директорына**

**ХАТ**

Сізден хабарлауыңызды сұраймын, жақын орналасқан мекеме 2574 әскери бөлімінің «Оймаш» оқу полигонының қорғаныс Министрлігінің жақын аумағында орналасқан. Осыған байланысты сізге баяндаймыз. 01.06.2013 жылдан 30.10.2013 жылға дейінгі аралығында осы аумақта жауынгерлік оқ атысы, жарылғыш заттарымен өткізілуде. Осыған байланысты қауіпсіздік ережесін сақтауыңызды автокөлік немесе басқада техникамен кіріп шығуыңызға тиым салынады. Әсіресе адамдардың және жануарлардың тұрған кезінде.

**2574 әскери бөлім командирі**  
гвардия подполковнигі

**М.Кучекбаев**

Егер сіз жарғыш заттарды тауып алсаңыз келесі телефондарға хабарласуыңызды өтінеміз.

2574 әскери бөлім командирінің жауынгерлік дайындық жөніндегі орынбасары гвардия подполковнигі Т.Сапарбаев: 8-705-429-19-77

2574 әскери бөлімінің оқу полигонының бастығы гвардия аға лейтенанты Е.Капанов 8-775-541-04-98

2574 әскери бөлім бойынша кезекші: 8 (7292) 36- 21-44





# ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ: өркендеу мақсатындағы әріптестік



**Жаймағамбетов Самат Сүйіндіқұлы**  
**«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ,**  
**ТСДБ бастығы**

Қытай Халық Республикасына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-нан 16 адамнан тұратын топ болып 14 мамыр күні таңда ұшып бардық.

ҚУМК өкілдері жылы қарсы алып, қонақуіге орналастырды.

Келесі күні сағат таңғы 08:30 бастап «мұнай» мамандығы бойынша курстың ашылуы болды. Біз алғашқы күні «Суды оқшаулаудың технологиясы», «Суды бірнеше қабатқа айдау техникасы», және «Тот басудан қорғау», «Көлбеу ұңғымдардың өндірістік және экономикалық тиімділігі» тақырыбы бойынша 2 күн лекция тыңдадық.



Сапардың үшінші күні Циндао қаласына ұшып бардық, бұл «Сары» теңіз жағасында орналасқан, 150 жылдық тарихы бар Еуропалық архитектуралық салынған жана қала екен. Қалаға кірер кезде 7000 метр теңіз астымен салынған туннель арқылы өттік, содан кейін «Хуаду» мұнай университетіне экскурсия жасадық. Экскурсия барысында мұнай кешендерінің модельдерімен және университет тарихымен таныстырды. Бұл оқу орнында 100-ден астам Қазақстандық жастар білім алатынын білдік.

Циндао қаласының ескі бөлігіне ұзындығы 40 шақырымнан астам теңіз үстіне салынған көпір арқылы өтіп, Фушан шығанағында орналасқан желкенді қайық спорт орталығын тамашаладық. Бұл жерде 2008 жылғы жазғы Пекин олимпиадасының желкенді қайықпен жарыстары өткен. Осымен Циндао қаласына 2 күндік сапарымыз аяқталып, жоғарғы жылдамдықпен жүретін пойызбен Пекин қаласына қайта оралдық.

20 мамырда Пекин қаласындағы Бұрғылау институтына барып цемент ертіндісі зертханасымен және мұнай өнімдерін шырғару құрылғыларын дайындайтын зауыты аралдық. Осы зауыт ішінде қолана бітеулігін қалпына келтіру үшін қолданатын кеңейткіш труба шырғаратын цехпен таныстық. Сапарымыздың соңында Пекин қаласына жақын орналасқан Ұлы Қытай Қорғанына экскурсия жасадық.

Осы сапар нәтижесінде бізге «біліктілікті жетілдіру курсынан өту туралы» диплом табыс етілді. Бұл сапар мен үшін жақсы әсер қалдырды және осы сапар үшін «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына алғысымды білдіремін, болашақта да оқу, үйрену, тәжірибе алмасу курстары жалғасады деп ойлаймын.



**Бисембиев Рахымғали,**  
**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ,**  
**ОИТД диспетчері**

2013 жылдың 14-22 мамыры аралығында Пекин, Циндао қаласында өткен «Мұнай кен орнын игеру технологиясы» курсы бойынша оқу семинары және экскурсия кезінде көптеген тәжірибе жинап қайттық. Әуешайдан бастап қонақ жайлықпен қарсы алу, сыйлау, қуту - кеткенге дейін өз жалғасын тауып отырды. Пекин қаласының түңгі көрінісі, оның танқаларлық архитектуралық өзгешеліктері, ғажап көп қатарлы бір бірне ұқсамайтын, қайталанбас құрылыс ерекшеліктері таңдандырды.

Қытай өкілдерінің жылы шыраймен, қонақ-жайлықпен қарсы алуы, 10 сағаттағы ұшақ үстінде болып шаршап шалдыққан біздерді әп-сәтте сергітіп жіберді.

Түстен кейін семинар оқуымыз басталып та кетті. Көптеген тақырыптарға лекциялар оқылып, сұрақтарға жауаптар беріліп отырды. Мында күнделікті жұмыс тәжірибесінде кездесіп жүрген проблемалық тақырыптар қозғалып, оларды шешу жолдарына да кеңірек тоқталды.

Мұнай өндіру технологиясында өзінің үлкен кері әсерін беретін тот басу (коррозия) тақырыбында оны жою, антикоррозиялық тәсілдер туралы технологияларға салыстырмалы түрде көптеген мысалдар келтірілді. Бұл мәселе туралы Қытайдың құрышты зерттеу институтының жұмыстары және олардың антикоррозиялық алдын алу шаралары туралы айтылды. Бұл институтта коррозияның пайда болу факторы егжей-тегжейіне дейін зерттеліп, Қытай және одан тыс өндірістерінен, оның ішінде Жетібай, Қаламқас кен орындарында пайдаланылатын трубалардың, сыртқы және ішкі жағдайларын тексеріп антикоррозиялық шаралар жүргізіледі және антикоррозиялық қорғау технологиясын ұсынады. Қытай бұрғылау технологиясын зерттеу институты бұрғылау әдістерін зерттейді. Оның нәтижесінде өндірістерде горизонтальды /көлбеу/ бұрғылау әдісі кенінен пайдаланылып келеді. Бұл әдіс технологияның жетілген түрі болып есептеле отырып, нәтижесінде өндіріс өнімділігі анағұрлым артқаны байқалған.

2012 жылға дейін 1699 ұңғым горизонтальды әдіспен бұрғылауға көше, оның ішінде 1351 ұңғым Қытайдың өзінде, 348 ұңғым сырт мемлекеттерде игерілген. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бұл әдіске екі ұңғымлар көшіріген. Мысалы, Жетібай кенорнында 9 ұңғым бұл әдіске көшірілгенін кейін 2,8 есе мұнай өнімі көбейген. Қаламқас кенорнында 12 ұңғым іске қосылған, алғашқы өнімдері 20,2 тоннаға дейін жеткен. Осы секілді Қытай мемлекетінің Сурад, Да Чин, Лау Хе, Син Цзин өндірістерінде шетелдер бойынша Африка, Америка, Орта Азия, Тынқ мұхиты кен орындарында горизонтальды бұрғылау әдістерінің нәтижелерімен таныстырылды.

Семинарлық оқудан кейін Циндао қаласына жасалған экскурсия үлкен әсер

қалдырды. Қаладағы мұнай университетінде болғанымызда, мұнда көптеген шетелдік студенттерді байқадық. Университеттегі ұстаздар, декандар, қызметкерлер құрамы жастардан құралған. Өздерінің ғылыми жұмыстарымен таныстырған жас-жас университет мүғалімдерін көріп таң қалдық.

Пекинге қайтып келгеннен кейін әлемге әйгілі Қытай қамалына, Ихэюан ұлттық паркі, Олимпиада өткізген стадиондарға бару, Ұлы Жібек жолы жәрменкесіне экскурсиялар ұйымдастырдық. Осы уақыт аралығында Қытай халқының тарихымен таныстырды, әр мезгілде елді басқарып отырған династиялар, ұлттық мәдениеті туралы естіп, Қытай халқының тіршілігі, өсіп-өнуі, қалыптасуы туралы көптеген мағлұматтар алдық.

Мемлекет өте жоғары деңгейде өзінің ұлттық мәртебесін сақтай отырып, даму үстінде. Оның ең үлкен белгісі – сырттан барған шетел азаматының Қытай еліне келіп, онда жүргенін шын мәніде сезінуі. Себебі барлық азаматтары өз ана тілдерінде сөйлейді. Бүкіл ғимараттар, сауда орындары, мәдениет ошақтары мен жеке кәсіпорындарының атаулары, жарнамалары тек қана қытай тілінде жазылған. Бұл елдің тек қана ұлт мүддесі арқылы дамуын көрсетіп тұрды.

Сондай-ақ, бұл елдің қонаққа тамақ ұсыну тәсілі олардың өздерінің тамақтану мәдениетінің жоғарылығын көрсетті. Дастархан мезіріне оннан астам ұлттық тағамдарын қойып, олардың құрамы мен дайындалу әдістері туралы мақтаншыпен айтып отырды.

Осынаша қонақ болу тұра қатар тәртіптің барлығы ең ұсақ деген мәселелерде де көрініп тұрды. Мысалы, темекі тұқылдан тек арнаулы жерлерге тастау және оны арнайы жерлерде ғана пайдалану, көшелерді таза ұстау сияқты ең қарапайым нәрселер қытайлықтардың санасына сіңген жай ғана тәртіп, яғни қалыптасу жағдайы болып есептеледі. Бұл тұрғыда біздің олардан үлгі алуымыз қажет сияқты.

Қорыта айтқанда, Қытай сапары бізге өте ұнады. Асқан қонақжайлықпен қарсы алып қанайтық әріптестерімізге зор алғыс айта отырып, екі ел арасындағы ынтымақтастығымыз арта берсін, бейбітшілігіміз мәңгі болсын дегіміз келеді!



## Высшие курсы повышения технологии по разработке месторождения для компании ММГ



**Нурмағамбетов М.К.,**  
**Начальник ЦППД**  
**ПУ «Қаламқасмұнайгаз»**

Мы, работники АО «Маңғыстаумұнайгаз» прошли курсы обучение технологии по разработке месторождений для компании АО «Маңғыстаумұнайгаз» с 13 мая по 23 мая 2013г. в г. Пекин. Проживание и обучения проходили в Пекинском пьезиведческом отделе «Циндзинь». Курсы проводили специалисты: «Цаунчо - Исследовательского Института месторождения Туха на тему: «Комплексная и высокопрочная технология изоляция воды

WPD». «Семинар по технологии ОРЗ (одновременно раздельной закачке). Компания по разработке технологии КННК на тему: «Обмен опытом по вопросам коррозии на месторождениях и антикоррозионные технологии», Институт разведки и разработки при КННК на тему: «Исследование распределения остаточных запасов нефти в залежах проекта АО «Маңғыстаумұнайгаз», «Анализ состояния разработки проекта АО «Маңғыстаумұнайгаз» в 2013г.», Группа технического содействия СНПС в ПУ «ЖМГ» на тему: «Анализ эффективности разработки заводнением и технические мероприятия месторождения Жетыбай», Научно-Исследовательский Институт Буровых Технологий КННК на тему: «Производительная эффективность горизонтальных скважин и анализ их экономической пользы», «Технология восстановления герметичности обсадных колонн расширяемой трубой».

На семинаре были дискуссии, много интересных вопросов и обмен мнениями со специалистами, так как пройденные темы были актуальными на сегодняшний день на месторождениях АО «Маңғыстаумұнайгаз».

После обучения курсов участники вылетели в г. Циндао. В г. Циндао остановились в отеле «Ланьхай». Циндао расположен на юге Шаньдунского полуострова на берегу Желтого моря. В Циндао проехали по самому длинному автомобильному мосту в мире через открытые воды с длиной 42,5 км. и по подводному

тоннелю длиной около 8 км. Циндао славится изобилием морепродуктами. Посетили лабораторию и библиотеку Китайского нефтяного университета Хуаду.

Эксперсия прошла по олимпийскому центру парусного спорта. В этом центре были проведены соревнования по парусному спорту на летних Олимпийских играх в Пекине 2008 году.

Посетили Циндаоский музей пива, построенный в качестве подарка заводу Циндаоского пива на его столетие.

В океариуме обитает множество видов рыб, скаты, акулы, пингвины, тюлени, разноцветные водоросли, кораллы и крабы. Очень интересным зрелищем являются представления шоу водолазов с дельфинами и морскими котиками в морском цирке.

В Пекин возвратились на высокоскоростном поезде, скорость поезда достигает 330 км/час.

В г. Пекин с сопровождением профессиональных гидов экскурсия прошла по

историческим местам Китая и достопримечательностям современного Пекина. Во время экскурсий посетили:

**Ворота Тяньаньмэнь**, которые были парадными воротами в Императорский дворец при Династии Мин и Цин, построенными в 1420г.

**Императорский дворец Гутун** династии Мин и Цин, который представляет собой шедевр древнего архитектурного ансамбля, еще самый крупнейший и хорошо сохранившийся деревянный архитектурный комплекс. Императорский дворец Гутун в Пекине является первым среди пяти огромных дворцов в мире.

**Парк Ихэюань** (Летний императорский дворец) является крупным природным пейзажным садом, и хорошо сохранившейся императорской резиденцией, и известен как императорский музей-заповедник.

**Великую китайскую стену Бадалин** известную, как одна крепость из девяти мировых крепостей. Великая китайская стена является важнейшей военной крепостью династии Мин и главным барьером столицы Пекин.

**Рынок «Сюэюэ»** (Шезловый рынок), который известен во всем мире как международный туристический рынок для шоппинга в Китае.

Поездка в Пекин прошла успешно, так как семинар и экскурсия по историческим местам Китая были совмещены и организованы на высшем уровне.







**Маңғыстаудың байырғы журналистерінің бірі Мұқтасын Сухамбердиев Маңғыстауда мұнай көздерінің табылып, одан кейінгі мұнай өндірісі саласының қалыптасып, даму кезеңдерінің куәсі болған өлкеміздің бірден-бір тілшісі. Күрметті демалысқа шыққан Мұқан сол бір кездері тебірене еске алады.**

1965 жылы мен Алматыдағы жоғары партия мектебін бітіріп, туған жерім Атырауға (ол кезде Гурьев облысы) келдім. Облыста салынып жатқан радио және телевизия орталығының құрылысы әлі бітпеген екен. Обком хатшысы Әжікенов Сұлтан маған мұнай көздері ашылды, қала салынып жатқан Маңғыстауға арнайы тілші болып баруды ұсынды. Партия айтқанын болды, баруға келісім бердім. Менің қызметке тұруым Ақтауда (ол кезде Шөвченко) қаламын II-партия конференциясының отуіне түспә-түск келді. Ақтауға үш үш күн ауэужайға келдім, конференцияға обкомның бюро мүшесі Ш.Оразбаев та бара жатыр екен. Кешке дейін күттік, ауа райы ашылмады. Сол кезде Оразбаев: «Ертең де күн ашылмаса, конференцияға үлгермейміз. Мақат арқалы «дрезинамен» кету керек», – деді. Құрылысы әлі бітпеген теміржол жұмысшылары жүретін «дрезинаға» 5 адам болып отырдық. Сол отырған күйімізде 10 сағаттай жүріп, ерсіне Шетпеге, тағы 3 сағатта қалаға жетіп, қала ішіндегі «Меловой» дейтін вахта жетегін аялдамаға сағат 9-да келіп тоқтадық. Сөйтін, «Дружба» кинотеатрында болатын конференцияға да үлгердік-ау.

Конференцияда қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Захаров Виктор Кузьмич баяндама жасады. Ол партияның XXIII съезінің шешімдерін орындаудағы қала коммуністерінің міндеттері туралы айтты. Жабдық кәсіпорнының бас директоры Григорян, мұнай құрылыстарын салу үшін келген құрылыс тресінің басқарушысы П.Аваков, Өзен мұнай өндіру басқармасының бастығы Өтеесінов Рахмет және «Маңғыстаумұнайгаз-барлау» тресінің бастығы Халел Өзбекқалиев сөйледі.

Мен осы конференцияда облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің осындағы меніңкі тілшісі Таланов Юриймен кездесіп, арнаулы тілші болып келіп жатқанымызды айттым. «Бірге істейміз ғой» деп қуанып қалды. Осы конференцияның мақаласын бірге жазып, кетіп бара жатқан Оразбаевқа беріп жібердік.

Содан кейін қоңақ өйте орналасып, қаладағы жетекші кәсіпорындарға бардым. «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігіне бұған дейін Ақтөбедегі өлділік Халық шаруашылық кәсіпедес бастық болып істеген Өтеесінов Салип аға келген екен. Ол кісіні мен студент кезден білетінім. Бірде қаннұққа ауылға баратын болып вокзалда билет таба алмай жүргенімде сессиядан ауылға қайтып бара жатқан көп кісінің ішінен Салип аға мені өзімен бірге алып кеткен еді. Салип аға сол кезде Жылыой райкомында хатшы екен. Бірлестікке барып, ағаның кабинетіне кіріп, амандастым. Ол қуанып қалды, жұмысыма құтты болсын айтты. «Тілші болсаң, барлық хабарды бізден алып тұр. Ертең Москвадан министр келеді, олармен Өзенге барсың, жолай әңгіме тыйдасың», – деп мені бойым бастығы Табын Оржановқа таныстырды.

Өзіміз кеше түскен аялдамадан шағын пойыз Өзенге жүреді екен. Министр В.И.Шашин және қасына ерген адамдар бар үш вагон тіркелген шопақ пойызбен Жетібай – Өзен жолымен жүріп келеміз. Үлкен министр Маңғыстаудың қалай ашылғаны туралы тресің бас инженері Балғамбаев Салтанат, «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігінің бас инженері Смолинков, құрылыс туралы Аваков қабырғада ілулі тұрған диаграмма бойынша айтып шықты. Шұғын пойыз Өзенге келетіні барды. Мұнайшылар кент енді салынып жатырған кез. Қонақтар құрылысшылар тұрған жатақханаға орналасты. Ертемен кәсіпшілік алаңына бардық. Сол жылы

## Мұқтасын Сухамбердиев: «Мұнайлы Маңғыстаудың тарихы менің көз алдымда өтті...»

осы теміржолмен Өзеннің бірінші мұнай эшалоны жөнелтілген еді. Күзге қарай мұнайдың қарқыны азая бастады, бұған мұнайдың құрамындағы парафиннің кері әсері болды. Мұнайшылар министрге соны айтты. Кәсіпшілік алаңында бір мұнайшы траншеяны ашып, астында жатқан құбырдың сыртың газ фақелімен қыздырып жатқанын көрді. Шашин «Бұл не?», – деп сұрады. «Бұл алғаш мұнай беріп бастаған 13 ұңғының біреуі, парафинмен бітеліп тоқтап қалған, соны сыртынан газ отымен қыздырып, парафиннің сұйылтып жатырмыз», – деді Рахмет Өтеесінов. – Бұл бір скважина, күні ертең 100-ге, мыңға жеткенде қайтеміз? Осының амалын табу керек. Сонда министр тұрып: «Татария мұнайында да парафин бар, бірақ 4%-тен аспайды, ал мында 25-30%-көрінеді. Ол үшін не істеу керек?», – деп, ол Өтеесіновке қарады. Сонда ол: «20-30 скважинадан тұратын бір топтық қондырғының әрқайсысына қыздыру пештерін қосып, мұнайды сол арқылы қыздырып жіберсе дұрыс болады», – деді. «Бұл ойланатын мәселе екен», – деді Шашин. Москваға барған соң, сондай қыздыру пештерін өзгендіктер берген жоқпанын Сызрань зауытына тапсырған ғой. Көп келіпкей әлігі зауыттан онышақты пеш, артынан қанша керек болса да жетерліктей етіп жіберіп жатты. Оларды техникалық жабдықтау базасынан Сырым Жиенбаев әкеліп орнатты.

Өзеннің проблемасы мұнымен біткен жоқ. Мұнай газбен бірге шығады, оны құбырға мұнаймен бірге айдап қазанға жіберуге болмайды, жарып кетуі мүмкін. Сондықтан оны жер үстіне шыққан бойда болып, басқа трубамен зауытқа беру керек. Маңғыстауда ондай зауыт әлі жоқ еді. Енді не істеу керек? Газды қондырғы жанындағы тұрбамен ауаға жіберіп, өртеуге тура келді. Тағы да Рахмет оны қалай асырудың жолын айтты. Ол мұнаймен бірге шыққан газды өнімді қабатқа қайта айдаса, ол жер астындағы мұнайды көтеретін «лифтінің» рөлін атқаратын болады. Ембінде соғыс жылдарында мұнай өндіруді көбейту үшін қабатқа су айдап, мұнайды көтеретін әдісті қолданды. Бұл Совет Одағында бұрын жоқ тәжірибе болатын. Енді мынау Рахметтің жаныналы – кенорынның өзінін газын өзіне айдап, мұнайды көтеруге қызмет еткізу үшін пайдалану керек болды. Сөйтін, бұл әдіспен бірінші жылы 340 мың тонна мұнай берген Өзен келесі жылы оны 1 миллион 500 мың тоннаға жеткізді. Осындай жаңалық Өзеннен кейін басқа кенорындарында қолданылып, үлкен пайда келтірді.

Маңғыстаудың алғашқы эшелон мұнайын жөнелтіп болғанын, Рахметпен кен орнына бардық. Кәсіпшіліктің кеңесшісі әлі Ескі Өзенде – барлаушылардың мекенінде екен. «Болашақ мұнайшылар қаласын қайдан салу керек, күні ертең келетін мыңдаған мұнайшыны 150 шақырымнан Ақтаудан автобуспен қашаның тасуға болады?» деген сұрақ сол кезде қатты назарда тұрды. «Қалаың өндірістің қасынан салу керек. Анау Ембідегі мұнайшылар мекені бәрі де өндірістің қасынан салынған ғой», – деген ұжым айтылды.

Өндірісті аралап келіп, қалаға қайттық. Рахметтің өзі де қалада тұрады екен. Әкесі Жайылбаев Өтеесі де мұнайшы болған, Ленин орденінің иегері. Рахмет мені таныстырып жатыр: «Бізге келген арнаулы тілші. Мақаттағы біздің Өлғазы жездейсін туған құдасы – Сухамбердиев Мұқтасын», – деді. Сонда Өтеесі марқұм: «Сен Қойшыбектің баласысың ғой, екенді білем ғой!», – деп бірден таныды.

Осдан кейін бір жылдай Ақтауға салт келіп істен жүрдім. Мұны білетін хатшы Закаш Камалиденов: «Мұқа, бірқалаға неге көшіп келмейсің?», – деді. Мен нәгер беріп жатса, келетін ойлм бар екенін айттым. Содан арасына бір ай салып менің Гурьевтегі адресіме желел телеграмма келді: «Сыте үш бөлмелі пәтер әзір, адресі 4-шағын аудан, 62-үй, 59-пәтер», – деп жазылған. Осы желделхатты ақама көрсеттім. «Партия шақырып, үй беріп жатса барыңдар, біз де соныан барамыз ғой», – деді.

Сөйтін жиналып, үй мүлкімізді контейнерге салдық. Ол Өрек арқалы, одан Махкачкалаға барып Ақтауға келеді екен. Бір ай дегенде жүгіміз де жетті-ау.

Көшілеріміз Салтанат Балғамбаев, Бердіхан Екібаев, Өтеесі Салтанат Жайылбаевтер болды. Танысып, араласып кеттік. Үй біздің алдымызда тапсырылған екен, әлі телефон да, радио да жоқ екен. «Тілші болған соң сыртың

байланыста болу керек ғой», – деп сол кездегі қаланың «қожайыны» ПГМК бастығы Григорянға баруға тура келді. Ол кісі қалалық партия комитетінде бюро мүшесі, сонда мені көрген еді. Танысканнан кейін мен Ақтауға тұрақты көшіп келгенімді айттым. «Тілші ретінде қаладағы кәсіпорындарға барып, олардың қызметтері туралы жазатын боламын. Сонда Сіз басқарып отырған өндірісті қалай ұздымыз жауға болады?» деген сұрақ қойдым.

